

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 110 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 қаңтарда № 37809 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 110
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2026 жылғы 6 қаңтардағы
№ 37809 қаулысымен бекітілді

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзысының 48) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – Ұйымдар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысандарды қоса, есептілікті ұсыну тәртібі, кезеңділігі мен мерзімі айқындалады.

2. Ұйымдар есептілікті Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынады.

3. Ұйым басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырған есептілік электрондық форматта сақталады.

4. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін Ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

5. Есептіліктегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының долларымен көрсетіледі.

6. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысында және бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) белгіленген тәртіпке сәйкес айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп, көрсетіледі.

7. "Резидент" және "бейрезидент" деген ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерде пайдаланылады.

8. Филиалы, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелгені болған кезде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының қызметін ескере отырып, есептілікті ұсынады.

9. Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Қағидаларға сәйкес Ұлттық Банкке есептілікті ұсынбайды.

2-тарау. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну тәртібі

10. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушылар) Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын, берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есепті;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қорлар жөніндегі есепті;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есепті;

8) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есепті;

9) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есепті;

10) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

11) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы ұсынбайтын 1-кестені қоспағанда, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

13) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті;

14) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті ұсынады.

11. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктерді, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалдарын және Ұлттық пошта операторын қоспағанда, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – брокерлер және (немесе) дилерлер) Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын, берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есепті;

6) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті ұсынады.

12. Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған нарығында және халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есепті ұсынады.

13. Брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар ұйым туралы мәліметтерді;

2) Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтері және меншікті активтер есебінен жүзеге асырылатын алгоритмды сауданың автоматтандырылған жүйесін пайдаланушылар туралы мәліметтерді ұсынады.

14. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, брокерлер және (немесе) дилерлер Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есепті;

2) Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есепті;

3) Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есепті ұсынады.

15. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын, сондай-ақ номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерді және (немесе) дилерді қоспағанда, брокерлер және (немесе) дилерлер, мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шет мемлекеттің және "Астана" халықаралық қаржы орталығының заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есепті ұсынады.

16. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушылар (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын, берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есепті;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қорлар жөніндегі есепті;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есепті;

8) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есепті;

9) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есепті;

10) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

11) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы ұсынбайтын 1-кестені қоспағанда, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

13) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті;

14) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті;

15) Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есепті;

Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда – Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есепті – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынады;

16) Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есепті;

Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда – Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есепті – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынады;

17) Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есепті;

Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда – Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) саны туралы есепті – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынады;

18) Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдері туралы есепті;

Ұлттық Банкпен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда – Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдері туралы есепті – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынады;

19) Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есепті ұсынады.

17. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономика секторлары бойынша жіктелген меншікті активтер бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті;

2) Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономика секторлары бойынша жіктелген зейнетақы активтері бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті ұсынады.

18. Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілген инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – сенімгерлік басқарушы) Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есепті;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есепті;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қорлар жөніндегі есепті;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есепті;

8) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есепті;

9) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есепті;

10) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

11) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушы ұсынбайтын 1-кестені қоспағанда, Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

13) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті;

14) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық портфельді басқаруды және (немесе) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті;

15) Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есепті;

16) Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есепті;

17) Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы есепті;

18) Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есепті;

19) Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігінің коэффициенттері туралы есепті ұсынады.

3-тарау. Бағалы қағаздар нарығына басқа кәсіби қатысушылардың есептілікті ұсыну тәртібі

19. Кастодиан, оның ішінде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есепті;

3) Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің бұғатталған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есепті;

4) Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кастодиан клиенттерінің саны туралы есепті ұсынады.

20. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодианы, инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұлттық валютадағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есепті;

2) Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасындағы инвестициялық шот бойынша зейнетақы активтерінің қозғалысы туралы есепті;

3) Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есепті;

4) Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептелген және төленген комиссиялық сыйақылар туралы есепті ұсынады.

21. Орталық депозитарийді қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке есепті күннен кейінгі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын:

1) Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есепті;

2) Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәмілелер тараптарын көрсете отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есепті;

3) Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздармен репо операцияларына өтінімдер туралы есепті;

4) Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушыларын көрсете отырып, бағалы қағаздармен репо операциялары туралы есепті;

5) Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша туынды қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есепті;

6) Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәмілелердің тараптарын көрсете отырып, туынды қаржы құралдарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есепті;

7) Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валюталарын сатып алуға (сатуға) өтінімдер туралы есепті;

8) Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валюталарымен сауда-саттықтың нәтижелері туралы есепті ұсынады.

22. Орталық депозитарийді қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын – Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері туралы есепті ұсынады.

23. Орталық депозитарийді қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушы Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушы тізімінің жекелеген секторларына (санаттарына) кіретін бағалы қағаздар туралы есепті;

2) Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне кіретін бағалы қағаздарды қоспағанда, қаржы құралдары туралы есепті;

3) Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәмілелер көлемі туралы есепті;

4) Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру туралы есепті;

5) Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің шоттары туралы есепті;

6) Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есепті және сауда-саттықты ұйымдастырушымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімін;

7) Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті ұсынады.

24. Клиринг ұйымы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілердің нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы есепті Ұлттық Банкке есепті күннен кейінгі жұмыс күнінің соңына дейін, күн сайын ұсынады.

25. Орталық депозитарий Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 56-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсанның ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы орталық депозитариймен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті және орталық депозитариймен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар тізілімін – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, тоқсан сайын;

2) Қағидаларға 57-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың 10 (онынан) кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 58-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

4-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну тәртібі

26. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономика секторлары бойынша жіктелген меншікті активтер бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті;

2) Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономика секторлары бойынша жіктелген зейнетақы активтері бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті ұсынады.

27. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда, Қағидаларға 59-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиыrmасынан) кешіктірмей;

2) Қағидаларға 60-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есепті;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда, Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиыrmасынан) кешіктірмей;

4) Қағидаларға 62-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есепті;

5) Қағидаларға 63-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есепті;

6) Қағидаларға 64-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есепті;

7) Қағидаларға 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есепті;

8) Қағидаларға 66-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті;

9) Қағидаларға 67-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есепті;

10) Қағидаларға 68-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есепті;

11) Қағидаларға 69-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы жинақтардың төлемдері және қайтарылуы туралы есепті ұсынады.

28. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын:

1) Қағидаларға 70-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есепті;

2) Қағидаларға 71-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, дефолтқа жол берген, эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есепті ұсынады.

29. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банкке есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірден кешіктірмей, жыл сайын Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы талаптар туралы есепті ұсынады.

Бағалы қағаздар нарығына
кәсіби қатысушылардың және
бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қорының есептілікті
ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-RCB_CBSA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар, брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны	
					барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
						оның ішінде репо операцияла

						барлығы	рының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазақстан Республика сының мемлекеттік бағалы қағаздары						
1.1.							
...							
2	Қазақстан Республика с ы ұйымдарын ы ң мемлекеттік е м е с эмиссиялық бағалы қағаздары						
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары						
2.1.1.							
...							
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғаларды ң бағалы қағаздары						
2.2.1.							
...							
3	Ш е т мемлекетте рдің бағалы қағаздары						
3.1.							
...							
	Қазақстан Республика сының						

4	бейрезидент эмитенттері н і ң мемлекеттік емес бағалы қағаздары						
4.1.							
...							
5	Халықарал ық қаржы ұйымдарын ың бағалы қағаздары						
5.1.							
...							
6	Пайлар						
6.1.							
...							
7	Жиыны						

кестенің жалғасы:

Бағалы қағазды сатып а л у валютасының коды	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы	Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны	Номиналды құны	
		есепке қою күні	өтеу күні		валюта коды	бір бағалы қағаздың құны
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың баланстық құны						
барлығы	дисконт сыйлықақы)	(есептелген сыйақы	оң (теріс) түзету	ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және р е п о операциялары ның мәні болып табылатын бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде р е п о операциялары ның мәні болып табылатын бағалы қағаздар	Анықтама ү ш і н : қалыптастыр ылған резервтер (провизиялар)
16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы:

Есепке алу санаты	Бағалы қағаздың рейтингі		Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме
	есепке қою күні	есепті күні	
23	24	25	26

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Меншікті активтер есебінен
сатып алынған бағалы қағаздар
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" (индексі – 1-RCB CBSA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 2-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1-2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

6. 4-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың типімен түрі көрсетіледі

7. 5-бағанда айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді – талап ету құқықтары сәйкестендіргішін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі.

8. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны дана бойынша көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар номиналдық құны бойынша шығарылым валютасында көрсетіледі.

9. 7-бағанда есепті күні ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналды құны бойынша көрсетіледі.

10. 8-бағанда есепті күні репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналды құны бойынша көрсетіледі.

11. 9 және 14-бағандарда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

12. 10-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған және төленбеген сыйақыны ескере отырып, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаз (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

13. 11-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы тану күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

14. 12-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

15. 13-бағанда тікелей сатып алуға байланысты шығысты, оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақыны және комиссиялық ақыны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қоса, сатып алушының сатушыға төлеген пайызының (мұндай бар болса) шамасына азайтылған бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағаз шетел валютасымен төленген жағдайда, осы сома мәміле бойынша есеп айырысу күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

16. 14 және 15-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады. 15-бағанда облигацияны шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны ұстаушыға оны өтеу кезінде төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасында көрсетіледі.

17. 16-бағанда бухгалтерлік есепте бағалы қағаздардың берілген құны көрсетіледі.

18. 17-бағанда дисконттың (минус белгісімен) немесе сыйлықақының (абсолюттік мәнде) амортизацияланбаған бөлігі көрсетіледі.

19. 18-бағанда есептелген, бірақ алынбаған сыйақылар көрсетіледі. Осы бағанды толтыру кезінде борыштық бағалы қағаздар бойынша купон көрсетіледі, акциялар бойынша дивидендтер көрсетіледі.

20. 19-бағанда оң немесе теріс түзету көрсетіледі.

21. 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ауыртпалығы бар бағалы қағаздардың және репоға берілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

22. 21-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген есепті күні репоға берілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

23. 22-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері көрсетіледі. Резервтер (провизиялар) мөлшері абсолюттік шамада көрсетіледі.

24. 23-бағанда бағалы қағаздың "басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есептелетін", "пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есептелетін" немесе "амортизацияланған құны бойынша есептелетін" санаты көрсетіледі.

25. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 24 және 25-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

26. 26-бағанда Нысанды ұсыну күні борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

27. 7, 8, 20 және 21-бағандар 6 және 16-бағандарда көрсетілген бағалы қағаздарға қатысты толтырылады.

28. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына
кәсіби қатысушылардың және
бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қорының есептілікті
ұсыну қағидаларына 2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және
репо операциялары туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-
RCB_REPO_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар, брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

№	Эмитентті ң атауы	Эмитентті ң елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестен діру нөмірі	Бағалы қағаздард ың саны	Номиналд ы құны валютасын ың коды	Кезеңі	
							Операция ашылған күні	Операция жабылған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	"Кері репо операциял ары							
1.1.	Тікелей тәсіл							
1.1.1.								
...								
1.2.	Автоматт ы тәсіл							
1.2.1.								
...								
2	Реп о операциял ары							

2.1.	Тікелей тәсіл							
2.1.1.								
...								
2.2.	Автоматты тәсіл							
2.2.1.								
...								

кестенің жалғасы:

Күндермен көрсетілген операция мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі	Баланстық құны	Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	Бағалы қағаздың рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты		Орталық контрагент
				мәміле жасалған күні	есепті күні	мәміле жасалған күні	есепті күні	
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" (индексі – 1-RCB_REPO_SA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтер есебінен жасалған "кері репо" және репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 2-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1-2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

6. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, репо және (немесе) "кері репо" операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.

7. 6-бағанда репо және (немесе) "кері репо" операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

8. 7-бағанда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

9. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 14 және 15-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

10. 16 және 17-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде

16 және 17-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

11. 18-бағанда қор биржасында орталық контрагенттің қатысуымен мәміле жасалған жағдайда, "иә" деген сөз көрсетіледі. Қор биржасында орталық контрагенттің қатысуынсыз мәміле жасалған жағдайда, "жоқ" деген сөз көрсетіледі.

12. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына
кәсіби қатысушылардың және
бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қорының есептілікті
ұсыну қағидаларына 3-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-RCB_Vklady_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: инвестициялық портфельді басқарушылар, брокерлер және (немесе) дилерлер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде
(мың теңгемен)

№	Банктің (ұйымның) атауы	Банктің (ұйымның) рейтингі		Салым валютасының коды	Банктік салым шартының жасалған күні мен нөмірі		Салым мерзімі (күнмен)
		салымды орналастру күні	есепті күні		күні	нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Екінші деңгейдегі банктерде шоттардағы ақша						
1.1.							
...							

2	Талап етілгенге дейінгі салымдар						
2.1.							
...							
3	Мерзімді салымдар						
3.1.							
...							
4	Шартты салымдар						
4.1.							
...							
5.	Б а н к операцияла рының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда шоттардағы ақша						
5.1.							
...							
6.	Бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсететін ұйымдарды ң шоттарында ғы ақша						
6.1.							
...							
7.	Жолдағы ақша						
7.1.							
...							
8	Барлығы						

кестенің жалғасы:

Салым бойынша сыйақы	Салым бойынша негізгі борыш сомасы		Баланстық құны		Анықтама ү ш і н : қалыптастыр	Ескертпе
				оның ішінде с а л ы м		

мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	теңгемен	ш е т е л валютасында	барлығы	бойынша есептелген сыйақы	ылған резервтер (провизиялар)	
9	10	11	12	13	14	15

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Меншікті активтердің
құрамында есепке алынатын
салымдар мен ақша туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

"Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп" (индексі – 1-RCB_Vklady_SA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтердің құрамында есепке алынатын салымдар мен ақша туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

Ескертпе: нысан "Экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Экономиканың секторлары
мен шағын секторлары бойынша
орталық депозитарийдің есепке алу
жүйесінде мемлекеттік емес бағалы
қағаздармен жүргізілген
операциялар туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысанына
қосымша

"Экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар туралы есеп" (индексі – OOGCBSE_6, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды орталық депозитарий есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанда есепті кезеңде экономика секторлары мен шағын секторлары бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен жүргізілген операциялар туралы мәліметтер көрсетіледі.

5. Резиденттік белгісі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес айқындалады.

6. Экономика секторлары бойынша институционалдық бірліктерді жіктеу мақсатында экономиканың секторлары мен шағын секторларының мынадай құрылымы және ұғымдары қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі (республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын министрліктер), ведомстволар мен агенттіктер, ғылыми-зерттеу институттары, институционалдық бірліктер – Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенттері, мемлекеттік басқару органдары бақылайтын және республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қорлар, сондай-ақ мемлекеттің бақылауындағы және нарықтық өндіріспен айналыспайтын басқа ұйымдар;

2) жергілікті мемлекеттік басқару органдарына облыс, қала және аудан деңгейінде басқару функцияларын жүзеге асыратын институционалдық бірліктер және өңірлік (жергілікті) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар кіреді;

3) орталық (ұлттық) банктер – қаржы жүйесінің негізгі аспектілеріне бақылау жасайтын институционалдық бірліктер, олардың негізгі қызмет түрлері – ұлттық валюталардың эмиссиясы, халықаралық резервтерді басқару, Халықаралық валюта қорымен және басқа халықаралық қаржы ұйымдарымен операцияларды жүзеге асыру, басқа депозиттік корпорацияларға кредит беру;

4) басқа депозиттік ұйымдар – қызметінің негізгі түрі қаржылық делдалдық болып табылатын және міндеттемелері депозит және оның аналогы (ауқымды ақшаның ұлттық анықтамасына кіретін депозиттерді жақын алмастырушылар) нысанында болатын институционалдық бірліктер. Бұл топқа банктер, оның ішінде исламдық қаржыландыруды жүзеге асыратын банктер жатады;

5) басқа қаржы ұйымдары – әр түрлі делдалдық немесе қосалқы қаржылық қызметтерді жүзеге асыратын немесе қызметі қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты, бірақ өздері делдалдардың функцияларын орындамайтын осы сектордың барлық қалған институционалдық бірліктері;

6) мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – көбінесе нарықтық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақылайтын институционалдық бірліктер;

7) мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – көбінесе нарықтық өндіріспен және (немесе) қаржылық емес нарықтық қызметтерді көрсетумен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақыламайтын институционалдық бірліктер;

8) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – тауарларды өндіретін немесе қызметтер көрсететін, бірақ осындай ұйымдарды бақылайтын институционалдық бірліктерге кіріс немесе өзге қаржылай игіліктер келтірмейтін, тұлғалар қауымдастықтары осы қауымдастықтардың мүшелерін тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету үшін құратын (әдетте мұндай қызметтер ақысыз көрсетіледі немесе тұрақты мүшелік жарналар есебінен қаржыландырылады) немесе қызметінің негізгі түрі қайырымдылық көмек көрсету болып табылатын институционалдық бірліктер;

9) үй шаруашылықтары – жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өз табысы мен мүлкін біріктіретін (толық немесе ішінара) және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрлерін (тұрғын үй, тамақ өнімдері және басқалар) бірлесіп тұтынатын жеке тұлғалардың шағын топтарынан (отбасылардан) құралған институционалдық бірліктер. Бұл топқа заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар да жатады.

7. Қаржы құралдарын біріктірілген есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты (омнибус) бойынша депоненттің бұйрығына сәйкес экономика секторы көрсетіледі.

8. 2-бағанда экономиканың секторлары мен шағын секторлары экономика секторларының жіктеуішісіне (ЭСЖ) сәйкес көрсетіледі.

9. 4, 30 және 32-бағандарда орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде айқындалған бағалы қағаздардың (номиналды, нарықтық немесе шартты) құны көрсетіледі.

10. 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26 және 28-бағандарда орталық депозитарий алған бұйрықтарға сәйкес бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

11. 5 - 16 аралығындағы бағандарда есепті кезеңдегі экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша сатып алынған мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша операциялар көрсетіледі. 15 және 16-бағандарға бағалы қағаздарды бір жеке шоттан екіншісіне аударуға байланысты операциялар да кіреді.

12. 17 – 28 аралығындағы бағандарда есепті кезеңдегі экономиканың секторлары мен шағын секторлары бойынша Қазақстан Республикасының сатылған мемлекеттік емес бағалы қағаздары көрсетіледі. 25 және 26-бағандарға бағалы қағаздарды бір жеке шоттан екіншісіне аударуға байланысты операциялар да кіреді.

13. 30-бағанда кепіл ескерілетін қосалқы шоттың бөлімінде көрсетілген есепті кезеңнің соңында айналыстағы кепіл сомасының қалдығы көрсетіледі.

14. 5-бағандағы сома 7, 9, 11, 13 және 15-бағандар қосындысына тең болады.

15. 6-бағандағы сома 8, 10, 12, 14 және 16-бағандар қосындысына тең болады.

16. 17-бағандағы сома 19, 21, 23, 25 және 27-бағандар қосындысына тең болады.

17. 18-бағандағы сома 20, 22, 24, 26 және 28-бағандар қосындысына тең болады.

18. 31-бағандағы сома 17-бағандағы соманы шегергенде, 3 және 5-бағандар қосындысына тең болады.

19. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби
қатысушылардың және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілікті ұсыну қағидаларына

58-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-
REG_RD

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: орталық депозитарий

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Заңды тұлғалар мен қаржы құралдарының шығарылымы туралы мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның бизнес-сәйкесте ндіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)	Жарияланған қ а р ж ы құралдарының саны	Орналастырылға н қ а р ж ы құралдарының саны	Заңды тұлға сатып алған қ а р ж ы құралдарының саны
1	2	3	4	5	6

2-кесте. Қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның БСН	Ж е к е тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе қаржы құралын ұстаушы - заңды тұлғаның атауы	Жеке, заңды тұлға	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасы н ы ң бейрезидентт ері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

--	--	--	--	--	--	--

Қаржы құралдарын ұстаушы түрі	Резиденттік елі			Қаржы құралдарының түрі	Қаржы құралының сәйкестендіргіші (халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе қаржы құралының басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі)
	атауы	елдің коды	оффшорлық аймақ (иә, жоқ)		
8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы:

Қаржы құралдарын ұстаушының жеке шотындағы қаржы құралдарының саны				Қаржы құралдарын ұстаушыға тиесілі қаржы құралдары санының заңды тұлғаның қаржы құралдарының санына арақатынасы (пайызбен)			Қосымша мәліметтер
барлығы	оның ішінде:			всего	голосующих	орналастырылған (артықшылық берілген және сатып алынған қаржы құралдарын шегергенде)	
	ауыртпалық салынған қаржы құралдарын ұстаушының жеке шотындағы қаржы құралдарының саны	қаржы құралдарын ұстаушының жеке шотында бұғатталған қаржы құралдарының саны	қаржы құралдарын ұстаушының жеке шотында сенімгерлік басқаруға берілген қаржы құралдарының саны				
14	15	16	17	18	19	20	21

3-кесте. Ауыртпалық салынған, бұғатталған, сенімгерлік басқаруға берілген немесе репо операцияларының нысанасы болып табылатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның БСН	Жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе қаржы құралын ұстаушы-заңды тұлғаның атауы	ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (болған жағдайда)	Қаржы құралының сәйкестендіргіші (халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе қаржы құралының басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі)	Қаржы құралдарының саны
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Мәртебесі	Пайдасына ауыртпалық салынған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы	ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (болған жағдайда)	Сенімгерлік басқарушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы	ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (болған жағдайда)	Негіз
9	10	11	12	13	14	15	16

4-кесте. Заңды тұлғаның қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның БСН	Қаржы құралының түрі	Халықаралық сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда)	Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны	Бір қаржы құралының құны		Мәміле көлемі (теңге)	Қаржы құралының иесі
							валюта түрі	сомасы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы:

Қаржы құралы иесінің ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияларды тіркеу кезінде)	Қаржы құралы иесінің резиденттік елі	
		атауы	ел коды
12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Контрәріптес	Контрәріптесінің ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)	Жеке немесе заңды тұлғаның жеке коды (номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияларды тіркеу кезінде)	Қаржы құралының контрәріптесінің резиденттік елі		Мәмілені тіркеу күні	Ескертпе
			атауы	ел коды		
16	17	18	19	20	21	22

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қаржы құралдарын
ұстаушылар тізілімі туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына қосымша

"Қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі туралы есеп" (индексі – 1-REG_RD, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қаржы құралдарын ұстаушылар тізілімі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды орталық депозитарий есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанда мынадай қаржы ұйымдары мен заңды тұлғалардың қаржы құралдарын (акцияларын, пайларын, қатысу үлестерін) ұстаушылардың құрылымы ашып көрсетіледі :

1) екінші деңгейдегі банктер және банк холдингтері;

2) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру айрықша қызмет түрі болып табылатын заңды тұлғаларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және төлем карточкаларымен операциялар бойынша есеп айырысуларды қоса алғанда, банк қызметі бойынша есеп айырысуға қатысушылар арасында ақпараттық,

телекоммуникациялық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету қызметін көрсететін ұйымдар;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру холдингтері;

4) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын және инвестициялық портфельді басқаратын ұйымдар;

5) акционерлік инвестициялық қорлар;

6) жабық инвестициялық пай қорлары;

7) осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың ірі қатысушылары және (немесе) орналастырылған бағалы қағаздардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін қаржы құралдарын ұстаушылар болып табылатын заңды тұлғалар,

8) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға қатысты мәліметтер орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде болған кезде толтырылады.

5. Нысан 5-тармақта көрсетілген қаржы ұйымдарының әрбір түрі бойынша жеке-жеке толтырылады.

6. 1-кестеде заңды тұлғаның атауы, БСН, сондай-ақ заңды тұлғаның жарияланған, орналастырылған және сатып алынған қаржы құралдарының саны көрсетіледі.

7. 2-кесте бойынша:

1) 4-бағанда қаржы құралдары номиналды ұстауда тұрған және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер бар меншік иелері туралы ақпаратты жария ету ескеріле отырып, қаржы құралының меншік иесі көрсетіледі.

Қаржы құралдары номиналды ұстауда тұрған меншік иелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, кестеде қаржы құралының номиналды ұстаушысы туралы мәліметтерді толтыру қажет;

2) 5-бағанда азаматтық құқық субъектісі: жеке немесе заңды тұлға көрсетіледі;

3) 6-бағанда қаржы құралы ұстаушысының (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін) ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Қазақстан Республикасының резидент-қаржы құралын ұстаушысының ЖСН, БСН міндетті түрде толтырылады;

4) 8-бағанда қаржы құралы ұстаушысының түрі: меншік иесі немесе номиналды ұстаушы көрсетіледі;

5) 9 және 10-бағандарда елдердің атауы және коды "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-

бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

6) 11-бағанда мәліметтер "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

7) 12-бағанда қаржы құралының түрі: акция, пай, қатысу үлесі көрсетіледі;

8) 21-бағанда қаржы құралын ұстаушы құжатының деректемелері, қаржы құралын ұстаушының тіркелген жері мен тұрғылықты жері (не тұрған жері) туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. 3-кестеде есепті күні 2-кестеге сәйкес ауыртпалық салынған, бұғатталған немесе сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлғаның барлық қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

9. 3-кесте бойынша:

1) 9-бағанда мынадай символдар пайдаланылады:

"1" – Заңды тұлғаның ауыртпалық салынған қаржы құралдары туралы мәліметтер;

"2" – Заңды тұлғаның бұғатталған қаржы құралдары туралы мәліметтер;

"3" – Заңды тұлғаның сенімгерлік басқаруға берілген қаржы құралдары туралы мәліметтер;

"4" – репо операцияларының нысанасы болып табылатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер;

2) 10 және 11-бағандарда пайдасына ауыртпалық салынған немесе репо операциясының контрагенті болып табылатын тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін) көрсетіледі;

3) 13 және 14-бағандарда пайдасына сенімгерлік басқаруға беру жүзеге асырылған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе атауы, ЖСН, БСН не өзге сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін) көрсетіледі;

4) 16-бағанда растайтын құжаттардың атауы мен деректемелерін көрсете отырып, ауыртпалық салу, бұғаттау және сенімгерлік басқаруға беру және репо операцияларының негіздері көрсетіледі.

10. 4-кесте бойынша:

1) 2-бағанда қаржы құралдарымен мәмілелер жасалған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

2) 6-бағанда мәміленің түрі (репо ашу және жабу операцияларын қоспағанда, сатып алу, сату және өзге де мәмілелер) көрсетіледі;

3) 7-бағанда мәміле жүргізілген қаржы құралдарының саны көрсетіледі;

4) 8 және 9-бағандарда мәміленің тиісті валютасында мәміле жүргізілген валютаның түрі және бір қаржы құралының құны көрсетіледі;

5) 10-бағанда мәмілелер көлемі (теңгемен) көрсетіледі;

6) 11-бағанда қаржы құралдары есептен шығарылған жеке шоттың иесі көрсетіледі. Заңды тұлғалар бойынша заңды тұлғаның атауы көрсетіледі. Жеке тұлғалар бойынша тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

7) 14 және 15-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес жеке шотынан қаржы құралдары есептен шығарылған қаржы құралын ұстаушының атауы мен резиденттік елінің коды көрсетіледі;

8) 16-бағанда жеке шотына қаржы құралдары есепке алынған контрәріптес көрсетіледі. Заңды тұлғалар бойынша заңды тұлғаның атауы көрсетіледі. Жеке тұлғалар бойынша тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

9) 19 және 20-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес жеке шотына қаржы құралдары есепке алынған тіркелген тұлғаның атауы мен резиденттік елінің коды көрсетіледі;

10) 21-бағанда мәміленің тіркелген күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

4-кестеде репо ашу және жабу операциялары бойынша деректерді қоспағанда, тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) қаржы құралдарын есептен шығару (есепке алу) мәмілелері бойынша деректер көрсетіледі.

12. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби
қатысушылардың және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілікті ұсыну қағидаларына

59-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_PA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері
(теңгемен)

№	Көрсеткіш	күні	күні
1	2	3	...
1.	Инвестициялық шоттардағы күн басындағы қалдық, оның ішінде:		
1.1.	теңгемен		
1.2.	шетел валютасымен		
2.	Инвестициялық шоттарға келіп түскен күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
2.1.	теңгемен		
2.2.	шетел валютасымен		
3.	Инвестициялық шоттардан шығарылған күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
3.1.	теңгемен		
3.2.	шетел валютасымен		
4.	Инвестициялық шоттардағы күн соңындағы қалдық ((1)+(2)-(3)), оның ішінде:		
4.1.	теңгемен		
4.2.	шетел валютасымен		
5.	Күн соңында сыртқы басқарудағы активтер сомасы, оның ішінде:		
5.1.	теңгемен		
5.2.	шетел валютасымен		

6.	Басқа да активтердің күн басындағы құны, оның ішінде:		
6.1.	теңгемен		
6.2.	шетел валютасымен		
7.	Басқа да активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде:		
7.1.	теңгемен		
7.2.	шетел валютасымен		
8.	Қ а р ж ы инвестицияларының күн басындағы барлық құны, оның ішінде:		
8.1.	туынды қаржы құралдары		
9.	Күн соңындағы келіп түскен қаржы құралдары		
10.	Күн соңындағы шығарылған қаржы құралдары		
11.	Күн соңындағы қаржы инвестицияларының барлық құны ((8)+(9)-(10)+(12)-(12.4.1)-(12.7)), оның ішінде:		
11.1.	туынды қаржы құралдары		
12.	Күн соңындағы есептелген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.1.	қаржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс (шығыс)		
12.2.	әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.3.	басқа активтер құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.4.	шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс), оның ішінде:		
	инвестициялық шоттағы ақшаны және басқа да		

12.4.1.	активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.4.2.	қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.5.	бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығынды өтеуге арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кіріс (шығыс)		
12.6.	қаржы құралдары бойынша басқа да кіріс (шығыс)		
12.7.	қаржы құралдарына жатпайтын басқа да кіріс (шығыс)		
13.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(5)+(7)+(11))		
14.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
14.1.	есептелген		
14.2.	төленген		
15.	Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		
16.	Күн соңындағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
16.1.	есептелген		
16.2.	төленген		
17.	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		
	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, есептелген		

18.	зейнетақы міндеттемелері, оның ішінде:		
18.1.	қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
18.2.	төлемдер, аударымдар және біржолғы алулар		
18.3.	басқалар		
19.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, орындалған зейнетақы міндеттемелері:		
19.1.	инвестициялық шоттан қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
19.2.	төлемдер мен аударымдар		
19.3.	басқалар		
20.	Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)		
21.	Күн соңындағы зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы		
22.	Күн басындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
23.	Күн соңындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
24.	Күн соңындағы зейнетақы активтері б о й ы н ш а міндеттемелердің жиынтығы және бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) ((15)+(17)+(20)+(21)+(23)):		
25.	Күн соңындағы "таза" зейнетақы активтері құнының жиынтығы ((13) -(24))		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Зейнетақы активтерінің құны туралы
есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_PA, кезенділігі – ай сайын)

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша
түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

5. Нысан есепті айдың әр күніне толтырылады. Күні "кк.аа.жжж" форматында көрсетіледі.

6. 1.2., 2.2., 3.2., 4.2., 5.2., 6.2. және 7.2-жолдарында теңгеге балама сома көрсетіледі.

7. 5-жол бойынша мәліметтер осы Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы Зейнетақы активтері туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

8. 7.1. және 7.2-жолдарда көрсетілген есепті кезең соңындағы активтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

9. 9-жолды толтырған кезде нақты шығын бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасаған кезде болған шығын (тікелей қаржы құралдарын сатып алуға байланысты), оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақы мен комиссиялық сыйақы, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ ақша аудару бойынша банктік шығыс осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Сонымен қатар қаржы құралдарының құнына сатып алу сәтіне дейінгі кезеңге есептелген сыйақы (ол болған кезде) қосылады.

10. 10-жолды толтырған кезде сатылған немесе өтелген қаржы құралдары туралы мәліметтер нақты сату немесе өтеу құны бойынша көрсетіледі.

11. 11-жол бойынша мәліметтер осы Қағидаларға 60-қосымшаға сәйкес Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

12. 12.5-жолды толтырған кезде резервтер (провизиялар) оны қалыптастыру (қалпына келтіру) күнінің соңында көрсетіледі.

13. 12.6 және 12.7-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген алынған басқа да кіріс пен келтірілген басқа да шығыс бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

14. 13-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

15. 14 және 16-жолдарда комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

16. 15 және 17-жолдарды толтырған кезде есепті кезең соңындағы деректерді ескере отырып, комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

17. 18.2 және 19.2-жолдарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы, алушыларға және басқа тұлғаларға төленген сома, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінің сомасы ғана көрсетіледі.

18. 18.3 және 19.3-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген басқа да міндеттемелер бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

19. 22 және 23-жолдарда резервтік қорлар шоттарындағы соманың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдар жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер толтырылған кезде ғана толтырылады.

20. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларына
60-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар _____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары					
1.1.			x			
...			x			
	Қазақстан Республикасы					

2.	ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары					
2.1.	ценные бумаги банков второго уровня					
2.1.1.						
...						
2.2.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары					
2.2.1.						
...						
3.	Ш е т мемлекеттердің бағалы қағаздары					
3.1.			x			
...			x			
4.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары					
4.1.			x			
...			x			
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары					
5.1.			x			
...			x			
6.	Инвестициялық қорлардың пайлары					
6.1.						
...						

7.	Жиыны:		x			
----	--------	--	---	--	--	--

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағаздың сатып алу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны (теңгемен)
	Валюта коды	бір бағалы қағаздың құны (теңгемен)		барлығы (теңгемен)	таза бағасы	есепке қою күні	өтеу күні	
8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Анықтама үшін (теңгемен):			
барлығы (теңгемен)	номиналды құн валютасында	оның ішінде есептелген сыйақы (теңгемен)	қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек	бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар)
17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар санаты	Бағалы қағаздың рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты		Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме (пайызбен)
	есепке қою күні	есепті күні	есепке қою күні	есепті күні	
24	25	26	27	28	29

2-кесте. "Кері репо" және репо операциялары бойынша сатып алынған және орналастырылған бағалы қағаздар

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	"Кері репо"							
1.1.	тікелей тәсіл							
1.1.1.								
...								
1.2.	автоматты тәсіл							
1.2.1.								
...								

	Жиыны:							
2	Реп о операцияс ы							
2.1.	тікелей тәсіл							
2.1.1.								
...								
2.2	автоматты тәсіл							
2.2.1.								
...								
	Жиыны:							

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы		Цена закрытия за одну ценную бумагу		Кезең		Бағалы қағаздардың ағымдағы құны (теңгемен)	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі (пайызбен)	Ескертпе
теңгемен	номиналды құн валютасында	теңгемен	номиналды құн валютасында	операцияны ашу күні	операцияны жабу күні			
10	11	12	13	14	15	16	17	18

3-кесте. Зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар

№	Сенімгерлік пен басқарушының атауы	Банктің атауы	Банктің рейтингі		Салым валютасының коды	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі	
			салымды орналастыру күні	есепті күні		күні	нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны:						

кестенің жалғасы:

Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы төлеу кезеңі		Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыш сомасы	
	кезеңділігі	күні	номиналды	тиімді	барлығы (теңгемен)	(шетел валютасымен)
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Ағымдағы құны			Анықтама үшін (теңгемен):			
	оның ішінде есептелген сыйақы					

		шетел					
барлығы (теңгемен)	теңгемен		Резиденттік елі	қалыптастырылған резервтер	салымдар бойынша дебиторлық берешек	салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар)

		валютасымен					
16	17	18	19	20	21	22	23

4-кесте. Аффинирленген бағалы металдар

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Аффинирленген бағалы металдың атауы	Трой унцияларының саны	Төлем валютасының коды	Бір трой унциясының сатып алу бағасы		Жиынтық сатып алу құны		Ағымдағы құны	
					теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Жиыны:									

5-кесте. Шартты талаптар мен міндеттемелер

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Туынды қаржы құралы түрінің атауы	Базалық актив	Валюта коды	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Туынды құралмен операцияны жүзеге асыру күніндегі талап ету (міндеттемелер) сомасы (теңгемен)	Есепті күнгі ағымдағы құны (теңгемен)
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар						
1.1							
1.1.1							
...							
	Жиыны:						
2.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер						
2.1							
2.1.1							
...							
	Жиыны:						

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Зейнетақы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы есеп"
әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

"Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_SPPA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысанға тану тоқтатылған қаржы құралдары бойынша деректер енгізілмейді. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

5. 1-кесте бойынша:

- 1) Нысанда бағалы қағаздар жөніндегі деректер көрсетіледі;
- 2) 2-бағанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;
- 3) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;
- 4) 4-бағанда экономикалық қызмет түрі "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" ҚР ҰЖ 03 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;
- 5) 5-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;
- 6) 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың типі көрсетіле отырып, оның түрі көрсетіледі;
- 7) 7-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;
- 8) 8-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;
- 9) 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;
- 10) 10-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін, облигацияны шығару кезінде айқындалған құнының ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оны ұстаушыға төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сوما шығарылым валютасында көрсетіледі;
- 11) 12 және 13-бағандарда мәміленің жасалғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) көрсетілген бағасы көрсетіледі. 13-бағанда: борыштық бағалы қағаздар бойынша номиналды құнына пайыздық қатынасындағы таза бағасы, үлестік бағалы қағаздар бойынша - абсолюттік мәнінде көрсетіледі;
- 12) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;
- 13) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні көрсетіледі;

14) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақы мен комиссиялық ақыны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банктік қызметтерді қоса алғанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қосқандағы және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың (ондай бар болса) шамасына кемітілген бағалы қағаздың сатып алу құны көрсетіледі;

15) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

16) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

17) 21-бағанда шығарылым проспектісінде белгіленген мерзімде төленуге тиіс бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

18) 22-бағанда шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде төленбеген бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

19) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

20) 24-бағанда бағалы қағаздың "әділ құны бойынша бағаланатын", "амортизацияланған құны бойынша бағаланатын" санаты көрсетіледі";

21) 25 және 26-бағандарды толтырған кезде "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 25 және 26-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 25-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

22) 27 және 28-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 27 және 28-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 27-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

23) 29-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

6. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

3) 5-бағанда "кері репо" (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың типін көрсете отырып, түрі көрсетіледі;

4) 6-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

5) 7-бағанда "кері репо" (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың саны көрсетіледі;

6) 8 және 9-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

7) 10 және 11-бағандарда "кері репо" (репо) операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға шетел валютасында ақы төлеген жағдайда, бір мезгілде ұлттық валюта - теңгедегі баламасын 10 және 12-бағандарда көрсете отырып, 11 және 13-бағандар толтырылады, сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға ұлттық валюта - теңгеде ақы төленген жағдайда 10 және 12-бағандар толтырылады;

8) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4 және 5-бағандарды толтырған кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда, 4 және 5-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;

3) 6-бағанда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

4) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі, салым мерзімі ұзартылған кезде ұзарту мерзімін ескере отырып көрсетіледі;

5) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

6) 14 және 15-бағандарда зейнетақы активтерін банктегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасында орналастырған жағдайда бір мезгілде ұлттық валюта - теңгедегі баламасын 14-бағанда көрсете отырып, 15-баған толтырылады, зейнетақы активтерін ұлттық валюта - теңгемен орналастырылған жағдайда 14-баған толтырылады;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдардың құны көрсетіледі;

8) 19-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1 2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

9) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

10) 21-бағанда салымдар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

11) 22-бағанда салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

12) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

13) 3-кесте әрбір банк және салымның әрбір валютасы бойынша жеке-жеке салымдар сомасын көрсете отырып, толтырылады.

8. 4-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда төлем валютасының коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

3) 6 және 8-бағандарда сатып алу бағасы мен сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 11-бағанда сома есепті күнге қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валюта - теңгеде аффинирленген бағалы металды сатып алған жағдайда 6, 8 және 10-бағандар толтырылады;

4) 10-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген сома көрсетіледі.

9. 5-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

3) 5-бағанда мәміле валютасының коды көрсетіледі. Валюта коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі;

4) 6-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі, 6-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады;

5) 7-бағанда "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі №69 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) талаптарына сәйкес туынды құралдармен операция жүргізу кезінде қалыптастырылатын шартты талаптар мен міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

6) 8-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (алмастыру құны) көрсетіледі, ол:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - туынды қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) номиналды келісімшарттық құнынан асып түсу шамасын, туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасын;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - туынды қаржы құралының номиналды келісімшарттық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты талаптар) ағымдағы нарықтық құнынан асып түсу шамасын, туынды қаржы құралының ағымды нарықтық құнының осы туынды қаржы құралының (шартты міндеттемелер) номиналды келісімшарттық құнынан асып түсу шамасын білдіреді.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларына

61-қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз

негізде жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_A-VNESH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасынан) кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Зейнетақы активтерін сыртқы басқарушының атауы	Сенімгерлікпен басқару шартының нөмірі және күні	Зейнетақы активтерін басқарудың болжанған кезеңі	Басқарудағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны (теңгемен)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
	Жиынтығы:				

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Сыртқы басқарудағы
зейнетақы активтері туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

"Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_A-VNESH, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша бөлек ұсынылады.

"Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері" жолында зейнетақы жарналарына: "міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына" және "жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына" байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

5. Нысан шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымында инвестициялық басқарудағы немесе инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген (бұдан әрі – зейнетақы активтерін басқарушы) активтер бойынша ұсынылады.

6. Нысан әрбір зейнетақы активтерін басқарушы бойынша толтырылады.

7. 4-бағанда шарт бойынша зейнетақы активтерін басқару кезеңі көрсетіледі. Егер шартта зейнетақы активтерін басқару кезеңі көзделмесе, онда 4-бағанда "-" белгісі қойылады.

8. 5-бағанда есепті күні басқарудағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны көрсетіледі.

9. Егер есепті кезеңде зейнетақы активтерін басқарушы зейнетақы активтерінің барлық сомасын басқа басқарушыға берсе не оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтарса және шартты бұзса, онда 2, 3, 4-бағандарда активтер мен

міндеттемелерді берудің соңғы күніне осы зейнетақы активтерін басқарушы бойынша мәліметтер көрсетіледі және 6-бағанда берілген активтер нәтижесі туралы ақпарат (зейнетақы активтері сомасы және осы сома қайда берілгені) көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларына
62-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_PV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы жинақтары бойынша

(зейнетақы активтерін басқарушының атауы)
(мың теңгемен)

Салымшылардың (алушылардың) жасы	Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары (қосалқы шоттары)					
	міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша					
	Ерлер			Әйелдер		
	Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы	Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы

	шоттарының (қосалқы шоттарының) саны		шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	шоттарының (қосалқы шоттарының) саны		шоттарының (қосалқы шоттарының) саны
1	2	3	4	5	6	7
20 жасқа дейін						
21 жас						
...						
81 жас және одан үлкен						
барлығы						

кестенің жалғасы:

Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары (қосалқы шоттары)					
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша					
Ерлер			Әйелдер		
Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны
8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы:

Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары (қосалқы шоттары)					
ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша					
Ерлер			Әйелдер		
Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны
14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы:

Жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттары			
жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша			
Ерлер		Әйелдер	

Жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны	Шартты зейнетақы шоттарындағы сома	Жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны	Шартты зейнетақы шоттарындағы сома
20	21	22	23

Сәйкестендірілмеген салымшылар бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы _____ мың теңгені құрайды.

Резервтік қорлардың шоттарындағы ақша сомасы _____ мың теңгені құрайды.

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Салымшылардың (алушылардың)
зейнетақы жинақтарының көлемі және
жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы
шоттарының) саны туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_PV, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бойынша және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бойынша бөлек толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 2, 5, 8, 11, 14 және 17-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны және жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған салымшылардың (алушылардың) қосалқы шоттарының саны ерлер мен әйелдер бойынша бөлек (тиісті бағандарда) салымшының (алушының) жасына қарай бөліп, көрсетіледі.

5. 3, 6, 9, 12, 15 және 18-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы және жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған салымшылардың (алушылардың) қосалқы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы ерлер мен әйелдер бойынша бөлек (тиісті бағандарда) салымшының (алушының) жасына қарай бөліп, көрсетіледі.

6. 4, 7, 10, 13, 16 және 19-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны және жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және салымшылардың (алушылардың) инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған зейнетақы жинақтары жоқ қосалқы шоттарының саны ерлер мен әйелдер бойынша бөлек (тиісті бағандарда) салымшының (алушының) жасына қарай бөліп, көрсетіледі.

7. 20 және 22-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны ерлер мен әйелдер бойынша бөлек жеке тұлғаның жасына қарай бөліп, көрсетіледі.

8. 21 және 23-бағандарда шартты зейнетақы шоттарындағы сома көрсетіледі.

9. Сәйкестендірілмеген салымшылар бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және резервтік қорлардың шоттарындағы ақша сомасы ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларына
63-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_PV_OBL

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Сенімгерлік басқарудағы зейнетақы жинақтары бойынша

(зейнетақы активтерін басқарушының атауы)
(мың теңгемен)

№	Облыс немесе республикалық маңызы бар қала		Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары (қосалқы шоттары)					
		Әкімшілік -аумақтық объектілер	міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша			міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша		
			Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (		Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (	Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (		Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (

	Атауы	д і н жіктеуіші бойынша коды	алушылар дың) жеке зейнетақы шоттарын ы ң (қосалқы шоттарын ың) саны	Зейнетақы жинақтар ы ны ң сомасы	алушылар дың) жеке зейнетақы шоттарын ы ң (қосалқы шоттарын ың) саны	алушылар дың) жеке зейнетақы шоттарын ы ң (қосалқы шоттарын ың) саны	Зейнетақы жинақтар ы ны ң сомасы	алушылар дың) жеке зейнетақы шоттарын ы ң (қосалқы шоттарын ың) саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	...							
	Өңірі көрсетілме ген							
	Барлығы							

кестенің жалғасы:

Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары (қосалқы шоттары)			Жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттары		
ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша			жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша		
Зейнетақы жинақтары бар салымшылардың ң (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың ң (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны	Зейнетақы жинақтары бар жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны	Жинақтардың сомасы	Зейнетақы жинақтары жоқ жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны
10	11	12	13	14	15

Сәйкестендірілмеген салымшылар бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы _____ мың теңгені құрайды.

Резервтік қорлардың шоттарындағы ақша сомасы _____ мың теңгені құрайды.

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы

жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қазақстан Республикасының
облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша)
) салымшылардың (алушылардың)
зейнетақы жинақтарының көлемі және
жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_PV_OBL, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бойынша және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бойынша бөлек толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 2-бағанда Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсында

орналастырылған әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӨАОЖ) сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) коды көрсетіледі.

5. 4, 7 және 10-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны және жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған салымшылардың (алушылардың) қосалқы шоттарының саны салымшының (алушының) тұрғылықты жеріне қарай бөліп көрсетіледі.

6. 5, 8 және 11-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы және жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған салымшылардың (алушылардың) қосалқы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының сомасы салымшының (алушының) тұрғылықты жеріне қарай бөліп көрсетіледі.

7. 6, 9 және 12-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны мен жеке зейнетақы шотының құрамында ашылатын және инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарын есепке алуға арналған зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) қосалқы шоттарының саны салымшының (алушының) тұрғылықты жеріне қарай бөліп көрсетіледі.

8. 13 және 15-бағандарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтары бар және зейнетақы жинақтары жоқ жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны жеке тұлғаның тұрғылықты жеріне қарай бөліп көрсетіледі.

9. 14-бағанда шартты зейнетақы шоттарындағы сома көрсетіледі.

10. Сәйкестендірілмеген салымшылар бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және резервтік қорлардың шоттарындағы ақша сомасы ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде көрсетіледі.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидаларына

64-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_Vyplaty

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

Жол коды	Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бергі кезең үшін			Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңі үшін		
		салымшылар (төлемдер алушылар) саны	саны	сомасы	салымшылар (төлемдер алушылар) саны	саны	сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8
100	Зейнетақы жинақтарының төлемдері						
	есебінен:						
101	міндетті зейнетақы жарналары:						
102	ж а с ы бойынша						
	оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - ЕАЭО) елдері бойынша:						
1021							
...							
103	мүгедектігі бойынша						

	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
1031							
...							
104	Қазақстан Республика сынан тыс жерлерге шығуына байланысты						
105	мұрагерлерг е						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
1051							
...							
106	жерлеуге						
107	басқа адамдарға						
108	тұрғын үй жағдайын жақсартуға						
109	емделу ақысын төлеуге						
	есебінен:						
200	міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары:						
201	ж а с ы бойынша						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
2011							
...							
202	мүгедектігі бойынша						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						

2021							
...							
203	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына байланысты						
204	мұрагерлерге						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
2041							
...							
205	жерлеуге						
206	басқа адамдарға						
207	тұрғын үй жағдайын жақсартуға						
208	емделу ақысын төлеуге						
	есебінен:						
300	ерікті зейнетақы жарналары:						
301	елу жасқа жеткен кезде						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
3011							
...							
302	мүгедектігі бойынша						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
3021							
...							
	Қазақстан Республика						

303	сынан тыс жерлерге шығуына байланысты						
304	мұрагерлерг е						
	оның ішінде ЕАЭО елдері бойынша:						
3041							
...							
305	жерлеуге						
306	басқа адамдарға						
400	Сактандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аудару						
	есебінен:						
401	міндетті зейнетақы жарналары:						
402	ж а с ы бойынша						
403	мүгедектігі бойынша						
404	зейнетақы аннуитеті шарты жасалған кезде						
405	міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде						
	есебінен:						
500	міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары:						

501	ж а с ы бойынша						
502	мүгедектігі бойынша						
503	зейнетақы аннуитеті шарты жасалған кезде						
504	міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде						
	есебінен:						
600	ерікті зейнетақы жарналары:						
601	ж а с ы бойынша						
602	мүгедектігі бойынша						
603	міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде						
604	міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде						
700	Басқа зейнетақы төлемдері						
1000	Барлығы						

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Міндетті зейнетақы жарналары,
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары,
ерікті зейнетақы жарналары бойынша
зейнетақы төлемдері туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_Vyplaty, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 3-бағанда жыл басынан басталған кезең үшін шоттарынан төлемдер жүргізілген салымшылардың (алушылардың) саны (жинақталған жиынтығымен) көрсетіледі.

5. 4-бағанда жыл басынан басталған кезең үшін салымшыларға (алушыларға) жүргізілген төлемдер саны (жинақталған жиынтығымен) көрсетіледі. Төлем саны бойынша ақпарат салымшыларға (алушыларға) жүргізілген төлемдерге (транзакцияларға) байланысты көрсетіледі.

6. 5-бағанда жыл басынан басталған кезең үшін төлемдер сомасы (жинақталған жиынтығымен) көрсетіледі.

7. 6-бағанда алдыңғы жылдың ұқсас кезеңінде шоттарынан төлемдер жүргізілген салымшылардың (алушылардың) саны көрсетіледі.

8. 7-бағанда алдыңғы жылдың ұқсас кезеңінде салымшыларға (алушыларға) жүргізілген төлемдер саны көрсетіледі. Төлем саны бойынша ақпарат салымшыларға (алушыларға) жүргізілген төлемдерге (транзакцияларға) байланысты көрсетіледі.

9. 8-бағанда алдыңғы жылдың ұқсас кезеңіндегі төлемдер сомасы көрсетіледі.

10. 405, 504, 603 және 604-жолдарда салымшылардың (алушылардың) саны анықтама үшін көрсетіледі және 401, 500, 600-жолдарда қосылмайды.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби
қатысушылардың және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілікті ұсыну қағидаларына

65-қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға арналған

нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_CBSA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

№	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны (дана)		
					барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар	
						барлығы	оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары						
1.1.							
...							
2.	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары						
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары						
2.1.1.							
...							
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары						
2.2.1.							

...							
3.	Ш е т мемлекетте рдің бағалы қағаздары						
3.1.							
...							
4.	Қазақстан Республика сының бейрезидент эмитенттері н і ң мемлекеттік емес бағалы қағаздары						
4.1.							
...							
5.	Халықарал ық қаржы ұйымдарын ың бағалы қағаздары						
5.1.							
...							
6.	Инвестиция л ы қ қорлардың пайлары						
6.1.							
...							
7.	Жиыны						

кестенің жалғасы:

Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы	Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны
валюта коды	бір бағалы қағаздың құны			есепке қою күні	өтеу күні	
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың баланстық құны					Бағалы қағаздың рейтингі	
Барлығы			оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының			

				мәні болып табылатын бағалы қағаздар бойынша		Анықтам а үшін: қалыптас тырылған резервтер (провизия лар)	Есепке алу санаты	есепке қою күні	есепті күні
барлығы	дисконт, сыйлықа қы	есептелген сыйақы	оң (теріс) түзету	барлығы	оның ішінде репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар бойынша				
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына
қосымша

"Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_CB SA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанда эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің бағалы қағаздары және міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтары бойынша деректер көрсетіледі. Депозитарлық қолхаттар бойынша оның базалық активінің мәліметтері көрсетіледі.

5. 2-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда эмитенттің елі "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ISO 3166-1-2016 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

7. 4-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың типімен түрі көрсетіледі.

8. 5-бағанда айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді - талап ету құқықтарын орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі.

9. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

10. 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

11. 10-бағанда шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны ұстаушыға оны өтеу кезінде төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасымен көрсетіледі. 10-баған борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

12. 12-бағанда мәміленің жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген сатушыға төленген сыйақыны ескере отырып баға көрсетіледі (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау).

13. 13-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы тану күні "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

14. 14-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі "кк.аа.жжжж" форматында көрсетіледі.

15. 15-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссияларды, қор биржаларының алымдарын қосқанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қоса, бағалы қағаздардың сатып алу құны, сондай-ақ аудару бойынша банк қызметтері және сатып алушы сатушыға төлеген пайызға азайтылған шамасы (мұндай бар болса) көрсетіледі.

16. 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздар құны көрсетіледі.

17. 20-бағанда ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың және репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте көрсетілген құны мың теңгемен көрсетіледі.

18. 21-бағанда репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте көрсетілген құны мың теңгемен көрсетіледі.

19. 22-бағанда қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері көрсетіледі. Резервтер (провизиялар) мөлшері қосу белгісімен абсолютті шамада көрсетіледі.

20. 23-бағанда бағалы қағаздың санаты ретінде мынадай: 1 – "басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын", 2 – "пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын", 3 – "амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын" символы көрсетіледі.

21. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 25 және 26-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

22. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Бағалы қағаздар нарығына
кәсіби қатысушылардың және
бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының есептілікті
ұсыну қағидаларына
66-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ENPF_DEALINGS_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Меншікті активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар (теңгемен)

№	Мәмілені жасау операцияны тіркеу) күні	Мәміле бойынша есеп айырысудың белгіленген күні	Мәміле бойынша есеп айырысудың нақты күні	Брокердің және (немесе) дилердің атауы	Мәміле түрі	Нарық
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Номиналды қ ұ н валютасының коды	Номиналды қ ұ н валютасының коды	Бағалы қағаздың саны	Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағаздың сатып алу (сату) бағасы
8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы:

Мәміле жасау күніндегі бір бағалы қағаздың ең төменгі бағасы	Мәміле жасау күніндегі бір бағалы қағаздың ең жоғары бағасы	Мәміле жасау күніндегі бір бағалы қағаздың нарықтық бағасы	Бағалы қағаздар бойынша кірістілік (пайызбен)	Мәміле сомасы	Контрәріптес атауы	Контрәріптес рейтингі
15	16	17	18	19	20	21

2-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(теңгемен)

					Банктік салым		Сыйақы мөлшерл		
--	--	--	--	--	---------------	--	----------------	--	--

№	Ақша аудару күні	Банктің атауы	Салым бойынша операция	Операция сомасы	шартын жасау күні және нөмірі	Салым мерзімі (күнмен)	емесі (жылдық пайызбен)	Салым валютасының коды	Салым сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

3-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған аффинирленген бағалы металдар
(теңгемен)

№	Мәмілені жасау күні	Контрагенттің атауы	Қызметке ақы төлеу	Мәміле түрі	Аффинирленген бағалы металдың түрі	Мәміле көлемі (бірлігі)	Төлем валютасының коды	Бір бірліктің сатып алу бағасы	Мәміле сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

4-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған туынды қаржы құралдары
(теңгемен)

№	Мәмілені жасау күні	Брокердің және (немесе) дилердің атауы	Қаржы құралдарының есепке алу күні	Мәміле бойынша есеп айырысу күні	Туынды қаржы құралдарының түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Нарық	Базалық актив және оның рейтингі	Контрагент және оның рейтингі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы:

Мәміле шарттарының сипаттамасы					Хеджирлеу объектісі	Инвестициялық шешімнің нөмірі мен күні	Мәмілені жасау күнгі вариациялық маржа, теңге	Мәмілені жасау күнгі бастапқы маржа, пайыз	Сауда-саттық режимі	Ескертпе
Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны, дана	Мәміле бағасы, теңге	Мәміле сомасы, мың теңге	Мәміле валютасының коды						
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Меншікті активтерді
инвестициялау бойынша жасалған
мәмілелер туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

"Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп" (индексі – 1-ENPF_DEALINGS_SA, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезең (ай) үшін ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-кесте бойынша:

1) купонды және борыштық бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу кезінде, сондай-ақ дивидендтер төлеу кезінде 4-бағанда есеп айырысудың нақты күні көрсетіледі, бұл ретте 2 және 3-бағандар толтырылмай ұсынылады;

"кері репо" операциясы бойынша 2, 3 және 4-бағандарда тіркеу күні, белгіленген есеп айырысу күні және тиісінше әрбір ашу немесе жабу мәмілесі бойынша есеп айырысудың нақты күні көрсетіледі;

2) 6-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, өтеу, купонды өтеу, дивидендтер төлеу, "кері репо" операциясы - ашу (жабу) және басқа да);

3) 7-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған не мәміле ұйымдастырылмаған нарықта жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушы көрсетіледі;

4) 8-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

